

Хаттама №3

26.11.2024 ж

Маңғыстау облысының Ақтау қаласы әкімдігінің білім бөлімінің «№46 «Балбұлақ» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы МКҚК №3 педагогикалық кеңес болып өтті.

Қатысқан педагог саны: 25

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжайдың өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі комиссия құрамын бекіту. Комиссия жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

Отырыста Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің білім беру мекемелерін мемлекеттік аттестаттаудан өткізудің 2025 жылға арналған кестесіне және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде бөбекжай өзін-өзі бағалауды өткізетінін және осыған байланысты бөбекжайда өзін-өзі бағалау ұйымдастыру және өткізу үшін комиссия құрамы жасақталу керектігі туралы айтылды.

Жиналысқа қатысушылар төмендегі тізім бойынша комиссия мүшелерін тағайындады:

1. Оразова Амангуль Джубатовна – бөбекжай директоры, комиссия төрайымы;
2. Кобланова Алина Реджеповна – бөбекжай әдіскері, комиссия төрайымының орынбасары;
3. Сейталиева Гульзифа Кенжибаевна – бөбекжай әдіскері, комиссия мүшесі;
4. Нокенова Гүлназ Тлеуқабылқызы – шаруашылық ісі бойынша директордың орынбасары, комиссия мүшесі;
5. Ақоразова Эльмира Сембаевна – бөбекжай тәрбиешісі, комиссия мүшесі

Жоғарыда аталған комиссия құрамы таныстырылды. Комиссияның жұмыс жоспары нақтыланып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа алынып өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

Шешім:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде өзін-өзі бағалау өлшемшарттарына сәйкес 2024 жылдың желтоқсан айында өзін-өзі бағалау жүргізілсін. Комиссия құрамы мен жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілгеннен кейін уақытынан кешіктірмей бөбекжайдың ресми интернет-ресурстарына орналастырылсын.

Педкеңес төрайымы:

А.Д.Оразова

Педкеңес хатшысы:

С.К.Елеусизова

